# Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 17 тамыздағы N 1175 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 7 мамырдағы N 432 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 сәуірдегі N 381 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.23 N 381 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы" 2002 жылғы 28 тамыздағы N 931 Жарлығына , сондай-ақ "Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 12 қыркүйектегі N 996 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" жабық акционерлік қоғамы директорларының кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 17 тамыздағы N 1175 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 және 2-тармақтардағы "Қазақстан Республикасының Шағын кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі агенттігіне" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы 2) тармақшасының алтыншы, жетінші және сегізінші абзацтары алынып тасталсын;

көрсетілген қаулыға қосымша қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.09.15. N 873 Қаулысымен.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 7 мамырдағы N 432 қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

1999 жылғы 17 тамыздағы
N 1175 қаулысына
қосымша

## "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" жабық акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің құрамы

Андрющенко Александр Иванович - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда бірінші вице-министрі, төраға

Тәжияқов Бисенғали Шамғалиұлы - Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі Төрағасының орынбасары (келісім бойынша)

Дунаев Арман Ғалиасқарұлы - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі

Күрішбаев Ақылбек Қажығұлұлы - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі

Кадюков Николай Викторович - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының орынбасары

Әбсәтіров Кеңес Ғарапұлы - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Шағын бизнесті қолдау жөніндегі комитетінің төрағасы

Ибадоллаев Азамат Абдол-Әмитұлы - "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" жабық акционерлік қоғамы басқармасының төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК